Келісілді:
ЖШС «Ақниет» «Ақниет+» жеке
бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі Абдрахманова Г.С

Бекітілді:
ЖШС «Ақниет» «Ақниет+» жеке
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері Мухамбеткалиева Г.К

№1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді. Хаттама №1, 28.08.2025ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Ақ көгершін» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Жанболатқызы Н.
Муратова А.Ж.

# ТҮСІНІК ХАТ

2025-2026 оқу жылында «Ақ ниет+» жеке бөбекжай-балабақшасының «Ақ көгершін» ортаңғы тобы тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды **дамыту моделі»**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;

- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы)

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар**.<br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру:**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен тура жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру \2,5-5м қашықтық\<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтықта тура бағытта еңбектеу,өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіру,<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бірінің артына бірі сапқа тұру.<br>**Ырғақты жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді.<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды.<br>Бірқалыпты, аяқтың аяқтың ұшымен жүгіреді.<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді, қабырғаға өрмелейді.<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіреді.<br>Бір-бірден сапқа тұрады.<br>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. |
| | **Дене тәрбиесі** | **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. | Күнделікті мәдени-гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктелуінеқарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады.<br>Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады.<br>Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстырады.<br>Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. | Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады, көрген суреттері бойынша өз ойын айтады. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**сөздерді дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету,артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қоры:**күнделікті өмірде жиі қолданылатын ойыншықтар, отбасы, уақыт, тәулік ,күн тәртібі туралы, сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну,отбасының,жақын туыстарының маңыздылығын тереңінен ұғындыру,сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** қарапайым сөйлемдер құруды үйрету, жуан, жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалар өзіне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. | **Күтілетін нәтиже**: дыбыстарды анық айтады, қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді, күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс айтады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралар үшбұрышпен тан ыстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау .<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде. | «Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады.<br>Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады.<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді.<br>Өзіне тән кеңістік бағыттарын анықтайды.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер,ыдыс-аяқ) бейнелеу. | Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды ретімен қолдана біледі. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Зергерлікбұйымдарымен (тұмар, шашбау), туғанөлкедегімәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және олардыою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру | Заттарды мүсіндеуге қызығады. |
| | **Жапсыру** | **Заттық жапсыру:**<br>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. | Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген. |
| | **Құрастыру** | **Құрастыру:**<br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. | Құрастыруды қызығушылықпен орындайды. |
| | **Музыка** | Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау. | Музыканы тыңдау дағдыларын игерген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтарымен,атауларын олардың көлемін қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптас тыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қаласымен мен ауылымен таныстыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер**.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық)<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау. | Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды.<br>Көлік құралдарын атайды.<br>Балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар.<br>«Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерге ие.<br>Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы , мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген.<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды.<br>Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Әртүрлі бағытта:тура,шеңбер бойымен «жыланша», шашырап тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып,арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Сапта бір бірден,алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Заттарды екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып құрсаудан құр сауға секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бір бірінің жанына сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Бұрын үйренген жаттығуларды музыканың сүйемелдеуі мен орындау. | Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді.<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды.<br>Сапта бір-бірлеп, шеңбер бойы мен, шашырап заттарды айналып жүгіреді.<br>Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып биік тіктен және ұзындыққа секіреді.<br>Бір-бірден сапқатұрады, сапта өз орнын табады.<br>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. |
| | **Дене тәрбиесі** | Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану,жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. | Күнделікті мәдени-гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі. |
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты \е,о\ және дауыссыз \к-қ\ дыбыстарды анық ай ту,дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. | Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады.<br>Қажетті сөздер мен, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттардың сапасымен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. | сөз тіркестерін қолданады.<br>Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады.<br>Ересектердің сөзін тыңдайды, түсінеді. Өз ойын айтады. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді қарастыра отырып,оларға суреттердің мазмұны туралы эмоциналды түрде айту. | Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету.<br>**Сөздік қоры:** күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістер мен көкөністердің, үй құстарының аттарын, білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**сөз тіркестерін және сөйлеудің байланысты бөліктерін түсінуге үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер), қарапайым сөйлемдер құруды үйрету, жуан, жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. | **Күтілетін нәтиже**: дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады, қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді, күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс айтады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Балаларды заттардың санын ажыратуға үйрету.Көп біреу\біреу-көп\.**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салысты ру. | «Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады. Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады.<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау**Уақытты бағдарлау:**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | фигураларды зерттейді.<br>Өзіне тән кеңістік бағыттарын анықтайды.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Ойыншықтар,жануарлар дөңгелек пішінді \шарлар,бұлт тар,күн\заттарды бейнелеу. | Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. |
| | **Мүсіндеу** | **Мүсіндеу:**<br>Сазбалшық,ермексаз кесектерінен бөліп алу,домалату, ширату,созу,жаю тәсілдерін пайдалана отырып көкөніс термен жемістерді мүсіндеуді үйрету. | Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады. |
| | **Жапсыру** | **Жапсыру:**<br>Қағаз бетінде түсі,пішіні,көлемі бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып,ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау,қағазға жапсыру. | Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады. |
| | **Құрастыру** | **Құрастыру:**<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:текшелер,кірпіштер,цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. | Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту**: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында | музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген<br>музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды;<br>музыкалық шығарманы соңына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әнді таза айту, сөздерді анық айту.<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:**Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Билер:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. | дейін тыңдайды<br>музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Балаларды ауада ұшатын көлік құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**<br>Еліміздің астанасы ,Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгіліндегі ауа | Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады.<br>Көлік құралдарын атайды.<br>Сюжетті- рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды.<br>Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген.<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды.<br>Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | райының жай –күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау бұтақтарды сындырмау. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып арқаннан ұстап,тоқтап,жартылай отырып, бұрылып,заттарды заттарды айналып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып тура жолмен ,бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Әртүрлі бағытта тура,шеңбер бойымен «жыланша»шашырап жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Оң және сол қолмен \1-1,5 метр қашықтықтан\допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Шеңберге тұру,\көзбен бағдарлау бойынша\<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді.<br>Тепе теңдікті сақтайды.<br>Сапта бір-бірлеп,шеңбер бойымен шашырап,заттарды айналып жүгіреді.<br>Допты жоғары, төмен лақтырады, қағып алады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді.<br>Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып биіктіктен және ұзындыққа секіреді.<br>Бір-бірден сапқа тұрады, сапта өз орнын табады.<br>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды.<br><br>Өз-өзіне қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие. |
| | **Дене тәрбиесі** | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Дауысты \ұ\ және дауыссыз \т-д\ дыбыстарын анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын заттарды жалпы\ойыншық тар,киім,аяқ киім,ыдыс,жиһаз \және ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде,астында тәрізді көмекші сөздер мен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге,өз ойын айтуға үйрету. | Дауысты дауыссыз дыбыстарды анықтайды.<br>Дұрыс сөйлеу қарқынына ие.<br>Зат есімдерді үстінде, астында көмекші сөздерімен бірге қолданады. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді бірге қарастыра отырып,балалардың пікірлерін тыңдау. | Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Жаңылтпаштар жаттатқызу, жұмбақтарды шешкізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдермен жауап беруге үйрету. | **Күтілетін нәтиже:**Ересектердің көмегімен жаңылтпаштарды жатқа айта алады, жұмбақтарды шеше алады;<br>Сөздерді септеп қолданып, сол сөздермен сұраулы, лепті, хабарлы сөйлем құрай алады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Біртекті заттарды топтастыру.<br>**Шама.**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша \ұзындығы-ені,биіктігі,жалпы шамасы бойынша\салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**.<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау.\үстінде-астында\<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | Біртекті заттарды топтастырады.<br>Ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады.<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді.<br>Өзіне тән кеңістік бағыттарын анықтайды.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. | Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды. |
| | **Мүсіндеу** | Кейбір заттарды,азық-түлік тағамдарын мүсіндеуді үйрету. | Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген. |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету:желімді қылқаламға мұхият жағып алу,жаймадағы дайын үлгіге жағу,желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. | Желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады. |
| | **Құрастыру** | Бұрын алынған дағдыларды :төсеу,бекіту,қою қолдану. | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттейді. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту**: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту. | музыканың сипатын түсінеді.<br><br>музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Музыкалық ырғақты қимыл:**Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Билер:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. | оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады;<br><br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалауын және өзін-өзі бағалауын,ойында туындаған мәселелерін шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың сапаларымен қасиеттерін сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Балаларды жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға ар налған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларға мүмкіндіктеріне қарай күтушіге,аула сыпырушы ға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне аудару. \мейірімді,жанашыр\<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Дала гүлдерінің 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** | Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыға арналған қарапайым ережелерді біледі.<br>Балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген.<br>Үй жанурлары мен жабайы жануарларды таниды.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды.<br>Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгіліндегі ауа райының жай –күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Топта терезе алдына шықпау,розеткаларды ұстамау. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Еденге қойылған заттардан аттап жүру,жан жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы тоқтап жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Оң және сол қолмен тік нысанаға нысана биіктігі\1,2 метр\ лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Арқанның,доғаның астымен\биіктігі40 см\көлбеу модуль бойымен ,туннель арқылы еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>15-20 см биіктіктен секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы,шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | Заттарды айналып жүреді.<br>Тепе-теңдікті сақтайды.<br>Сапта бір бірлеп, шеңбер бойы мен,шашырап, заттарды айналып жүгіреді.<br>Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға заттарды лақтырады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді. Биіктіктен және ұзындыққа секіреді.<br>Бір бірден сапқа , шеңберге тұрады, өз орнын табады. |
| | **Дене тәрбиесі** | Сабынды дұрыс қолдануды,бетті,қолды,құлақты тазалап сүртуді,орамалды орнына ілуді үйрету. | Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі. |
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Дауыссыз \ж,ш\дыбыстарын анық айту,дыбыстардың арти | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | куляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді-антоним дерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімдерді артында,жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қодану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды шығармаларды тыңдағаннан кейін алған әсер лерімен бөлісуге,өз ойын айтуға үйрету. | Зат есімдерді үстінде, астында артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; |
| | **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. | Ересектерменбіргеертегілерді,қарапай ымкөріністерді<br>ойнайды; |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Қоршаған ортадағы тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру. | **Күтілетін нәтиже**<br>Суретке қарап тұрмыстық зат атауларын атай алады;<br>Тұрмыстық зат атауларын тәуелдеп қолдана алады;<br>Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Біртекті заттарды топтастыруда,олардың біреуін бөліп көр сету.<br>**Шама.**<br>Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету. Ұстау,көру тәсілдері арқылы аталған фигура ларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**.<br>Кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында.<br>**Уақытты бағдарлау:** Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыра түсу. | Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;<br>ұстаужәнекөрутәсілдері<br>арқылыгеометриялықфигуралардызерттейді, атайды.<br>Өзіне қатысты кеңістік<br>бағыттарын анықтайды;<br>қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға,сурет тегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді,тақтайша ларды тігінен қатарға орналастырып,бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып,өз бетінше құрастыруға мүм кіндік беру. | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты,ұылқаламды қатты қыспай ұстауды үйрету.Қылқаламмен бояу кезінде оны бояуға ақырын батыруды,алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып,ағызып жіберіп бояуды,бояудың келесі түсін қолдану үшін қыл қаламды басқа түске салмас бұрын суға шайып алып қол дануды,жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. | Сурет салуда салуда Ұқыптылықтанытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшық кесектерін алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. | Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | \ыдыстар,ойыншықтар\ | |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен,тұрмыстық зат тарымен таныстыру. | Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту**: ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.<br>**Музыкалық аспапта ойнау** балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. | музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады<br>әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;<br>сөздерді дұрыс және анық айтады. әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға,жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Еңбекке баулу.** | Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды;<br>Көлік құралдарын атайды;<br>топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды, әдептілік танытады: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне аудару. \қамқор,сезімтал және іскер\<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып,өзі нің туған жеріне,Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Кейбір көкөністердің 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін арттыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгіліндегі ауа райының жай –күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Балаларды баспалдақтан түскенде және көтерілгенде таян ыштан ұстап жүруге үйрету. | амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады.<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады;<br>табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды;<br>топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойы мен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Қарқынды өзгертіп жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Аяқтарын алшақ қоя отырып,1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне,заттардың арасымен қақпаға домалату.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Саты бойымен өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп тұрған орнынан жоғары секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді;<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>Сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен,<br>шашырап, заттарды айналып жүгіреді;<br>Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; |
| | **Дене тәрбиесі** | Тарақты және орамалды пайдалануды үйрету. | Өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие;<br>салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Дауыссыз\с,з\ дыбыстарын анық айту,дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту,<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру,дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімдерді жекеше, қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Мультфильмдер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады;<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында,жанында көмекші сөздері мен бірге қолданады. |
| | **Көркем әдебиет** | Әңгімелерді тыңдай білуге,олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға,шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. | Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; |
| | **Қазақтілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Сөздік қор:**<br>Жануарлардың, төрт түліктің атауларын түсіну және айтуға дағдыландыру;<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру;<br>Төрт түлік пен жануарларды қалай шақыратынын түсіндіру. | **Күтілетін нәтиже**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде дұрыс әрі анық атайды;<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі, төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Бір-біріне «неге?», «не үшін?» деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру. | |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу.<br>**Шама.**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөз дерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйретуді жалғастыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**.<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау:** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кеш | Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады;<br>Ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды;<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қай талай отырып,қарпайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. | Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді қосу,қысу,біріктіру арқылы өсімдіктерді және өсімдіктерді  және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қол данып ойнату. | Бірнеше бөліктерді қосу,қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және  жануарларды мүсіндейді;<br>Өзі құраған құрылысымен ойнайды; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қол данып ойнату. | Өзі құраған құрылысымен ойнайды; | |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді<br>қалыптастыру.<br>**Ән айту**: әннің сипатын жеткізу ,көңілді, созып, ойнақы айту, сөздерді анық айту.<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:** музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>**Музыкалық аспапта ойнау**:балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір<br>пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның<br>диапазонында ән айтады<br>музыканың сипатын<br>түсінеді;<br>сөздерді дұрыс және анық айтады.<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Отбасы мүшелерін,олардың әрекеттерін атауға,жақын дарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік түрлерімен,ауада ұшатын көлік құралдарымен таныстыруды жалғастыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға мүмкіндік беру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (еңбекқор,ұқыпты) қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен норма лларды меңгеруіне ықпал ету.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Балаларға жемістердің 2,3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгіліндегі ауа райының жай –күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Серуен кезінде отпен ойнамау,жолға шықпау. | Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>Көлік құралдарын атайды;жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;<br>Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды, әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтиже** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Әртүрлі бағытта,тура шеңбер  бойымен, «жыланша» шашы рап,тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Жылдам \10-20 метрге дейін\,тоқтамай баяу қарқынмен   \50-60 сек ішінде\жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Допты жоғары лақтыру,төмен еденге соғу,қағып алу.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Сызықтан секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау<br>**Секіру.**<br>Сызықтан секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді;<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды;бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді;сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді;<br>допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады;<br>заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық<br>қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады;<br>жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;<br>қимылды ойындарды қызығып ойнайды;<br>қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады;<br>жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;<br>қимылды ойындарды қызығып ойнайды; |
| | **Дене тәрбиесі** | Үстел басында мәдениетті дағдыларын қалыптастыру. | Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бастапқы дағдыларына ие; |
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.Баяу сөйлеу,жаңылт паштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Дәстүрге байланысты балалармен ән айту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімдерді көпше түрде,етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ертегілерді көргеннен кейін балаларды алған әсерімен бөлісуге,өз ойларын айтуға үйрету. | Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады;<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету;<br>Өзінің отбасы, отбасындағы қызықты оқиғалар, отбасылық мерекелер туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен жасалған «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Балалар бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. | **Күтілетін нәтиже**<br>Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді айта алады;<br>Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтады;<br>Әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді. |
| | **Көркем әдебиет** | Өлеңдерді тыңдай білуге,олардың мазмұнындағы әрекеттердің мазмұнын бақылауға ,шығарманың кейіпкеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. | Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;<br>ересектермен бірге ертегілерді, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қарапайым көріністерді ойнайды; |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қанша?,неше? сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Заттарды ұзыны бойынша бірдей,тең,ені бойынша кең- тар сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету; ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигу  раларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**;Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау:** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кеш | Тең және тең емес заттар тобын салыстырады;<br>Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады;<br>ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,атайды;<br>өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыруды үйрету. | Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру: өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып оларды таяқшамен безендіру. | Қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі;<br>заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; |
| | **Жапсыру** | Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. | Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; |
| | **Құрастыру** | Алдын ала келісіп отырып құрылыс бөліктерін дайындау,өздері нің құрастырған бұйымдарын  біріктіре отырып,дайын болған құрылыс пен бірге ойнату. | Ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық<br>балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай)<br>дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту**: әннің сипатын жеткізу ,көңілді, созып, ойнақы айту, сөздерді анық айту.<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:** заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны<br>мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | әнді барлығымен бірге<br>бастайды және аяқтайды.<br>сөздерді дұрыс және анық айтады,<br>әннің сипатын береді<br>(көңілді, мұңды,<br>ойнақы, әуенді)<br>музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның<br>диапазонында ән айтады;<br><br>музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның<br>диапазонында ән айтады; |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Отбасы ,отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге,жа қындарына  қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің,құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтиже леріне ,суреттеріне,бұйымдарға құрметпен,ұқыптылықпен карау ға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Балаларда жақсы,жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін | Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;<br>«Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие;<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады;табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық).<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру . | атайды;<br>топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып,арқаннан ұстап жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты аяқтың ұшымен жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта,заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Шеңберге тұру,көзбен бағдарлау бойынша.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді; қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді;<br>тұрған орнынан ұзындыққа секіреді. |
| | **Дене тәрбиесі**** | Адамның денсаулығына пайдалы және зиянды тағамдар туралы бастапқы түсінікті қалыптастыру. | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Дауысты \а,ә\ және дауыссыз \п,б\дыбыстарын анық айту,дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекітуді жалғастыру.<br>**Сөздік қор.**<br>Дәстүрге байланысты балаларға би билету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктелуіне ,септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.Ересек термен диалог құру және берілген сұрақтарды тыңдау толық жауап беру. | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады;<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады;<br>Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; |
| | **Көркем әдебиет** | Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды; |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Сөздік қор:**<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне, бейнесіне баланың өз ой-пікірін білдіруге баулу. | **Күтілетін нәтиже**<br>Кітаптан шығарма кейіпкерлеріне жанашырлықтанытады,кейіпкерлердің іс-әрекетіне, бейнесіне баланың өз ой-пікірін білдіреді, шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізеді; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br>Үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркемшығармаларды мазиұндауға үйрету. | |
| | **Математика негіздері** | **Сан**.<br>Заттарды салыстыру:заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы  тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>**Шама.**<br>Заттарды бірдей,тең,биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету.<br>**Кеңістікті бағдарлау**;Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында;<br>**Уақытты бағдарлау:** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кеш | Тең және тең емес заттар тобын салыстырады;<br>Ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,<br>атайды;<br>өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін қолдану. | Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. | Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру \жырту,умаждау,бүктеу,бүктеу\ қолдану. | Ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру, кірпіштерді қалау үлгі бойынша ойдан құрастыру. | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту**: аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:** қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау**: балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды;<br><br>музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады,<br><br>Музыкалық аспаптарды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалауын және өзін-өзі бағалауын,ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын,олардың көлемі,түсін,пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. | Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды;<br>Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі; Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; Табиғатқа қамқорлық танытады;табиғаттағы маусымдық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Еңбекке баулу.**<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер туралы түсінікті қалып тастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру(көмеккөрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапай ым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдегі ауа райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру(оларды ауызға алмау). | өзгерістерді байқайды және атайды;топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады;балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Тоқтап жартылай отырып,бұрылып заттарды айналып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып,қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Сапта бір бірден алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Саты бойымен өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен ,2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып құрсаудан құрсауға секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | Қол ұстасып, жартылай отырып,заттарды айналып жүреді;жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әртүрлі бағытта жүгіреді;<br>сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді;<br>Тепе-теңдікті сақтайды , тұрған орнынан ұзындыққа секіреді.<br>Оңжәнесолқолменқашықтыққа,көлденеңнысанаға,тікнысанаға заттардылақтырады;<br>заттардың арасымен еңбектейді гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады;жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; |
| | **Дене тәрбиесі**** | Өзіне –өзі қызмет көрсетуге ұмтылысын қолдау. | Күнделікті гигиеналық дағды ларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Дауыссыз (п-б, к-қ,)дыбыстарды анық айту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға жұмбақ шешкізу,жаңылтпаш ,санамақ айтқызу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану; таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>Зат есімдерді көмекші сөздер мен бірге қолданады;<br>Танысертегілерменшағыншығармалардыңмазмұныбойыншасұрақтарғажауап береді,мазмұнын өзбетінше қайталапайтады. |
| | **Көркем әдебиет** | Оқылған шығармадан ең қызықты,мәнерлі үзінді лерді қайталау.балаларға сөздермен қарапайым сөз тіркесін қайталап айтуға мүмкіндік беру. | Оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттатқызу,жұмбақтар шешкізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету. | Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды;<br>Санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштар, шағын өлеңдерді жатқа айта алады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп» және « бір»ұғымдары туралы түсініктерді қалыптас тыруды жалғастыру.Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу,\біреу-көп\ біртекті заттарды топтастыру.<br>**Шама.**<br>Заттарды бірдей,тең,жалпы шамасы бойынша үлкен,кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер.**Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету.Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**;Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында;<br>**Уақытты бағдарлау:** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кеш | «Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады;<br>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады;<br>тең және тең емес заттар тобын салыстырады;<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. | Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; |
| | **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді; |
| | **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ эле менттерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. | Ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды; |
| | **Құрастыру** | Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. | Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**: аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:** балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау**:<br>балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының<br>дыбысталуын ажыратады<br>билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды;<br>сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді<br>музыканың сипатын<br>түсінеді; |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.**Заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Қоршаған ортаны қабылдау,кеңістікті бағдарлауға үйрету. **Көлік, байланыс құралдары.**Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**Өзінің,құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне,суреттеріне, бұйымдарға | Дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды;<br>Көлік құралдарын атайды;<br>жаяу жүргіншілергежәне жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;<br>табиғатқа қамқорлық танытады;<br>табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды;<br>топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. **Менің Отаным – Қазақстан.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету **Өсімдіктер әлемі.**Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды | амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| **Мамыр** | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Еденге қойылған заттардан аттап жүру,жан жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып,бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Допты жоғары лақтыру,төмен еденге соғу,қағып алу.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта,заттарды айна лып,және заттардың арасымен еңбектеу.Еденге қойылған тақтай бойымен ,арқанның,доғаның асты мен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп тұрған орнынан жоғары секіру,сызықтан секіру,тұрған орнына 40 см | Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді;<br>сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен шашырап, заттарды айналып жүгіреді;<br>тұрған орнынан ұзындыққа секіреді;<br>допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады;<br>заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;<br>үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. | |
| | **Дене тәрбиесі****** | Үстел басында қасық пен шай қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. | үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; |
| | **Тіл дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету,<br>жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Шығармаларды тыңдағаннан кейін алған әсерлерін бөлісуге өз ойын айтуға баулу. | Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді;<br>Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды;<br>Оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;<br>қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады;<br>сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | Ересектер мен бірге ертегілерді,қарапайым көріністерді ойнауға,бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,онда жеке репликаларды,кейіпкерлер дің эмоционалды образын беруге баулу. | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;<br>еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды;<br>оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;<br>Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**Күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық әрі дұрыс айтуға үйрету; **Сөздік қор:** Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктеп, септеп, тәуелдеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. | **Күтілетін нәтиже:**Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады;<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе біледі,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>**Шама.**<br>Заттарды ұзын-қысқа,бірдей,тең,ені бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер:** Геометриялық пішіндерді | Жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады;<br>тең және тең емес заттар тобын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету;<br>**Кеңістікті бағдарлау**; Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында;<br>**Уақытты бағдарлау:** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | салыстырады;<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,атайды.<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Құмға таяқшалармен,асфальтқа бормен,өз бетінше ойдан сурет салуға баулу. | Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу. | Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игеру. |
| | **Жапсыру** | Геометриялық фигуралардың ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,кілем,көрпе,алаша,орамал жасау.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыпты болуға баулу. | Геометриялық фигураларды таниды ажыратады.Оларды ою –өрнектермен безендіреді. |
| | **Құрастыру** | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға,қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыптылыққа баулу. | Ұжымдық құрылыс жасауға қатысады;<br>өзі құраған құрылысымен ойнайды;<br>ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады;<br>ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының<br>дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады.<br>**Ән айту**: әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге<br>бастайды және аяқтайды,сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді)музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады.<br>**Музыкалық ырғақты қимыл:** қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді;<br>**Музыкалық аспапта ойнау :** балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды. | билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды;<br><br>музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын<br><br>ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді<br><br>балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды<br><br>қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;<br><br>музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын<br><br>ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау,кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Еңбекке баулу.**<br>Өзінің,құрдастарыныңшығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне,суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету<br>**Өсімдіктер әлемі.** | Дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды;<br>Көлік құралдарын атайды;<br>жаяу жүргіншілергежәне жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;<br>табиғатқа қамқорлық танытады;<br>табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды;<br>топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады;<br>балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. | |

«Ақниет+» жеке бөбекжай-балабақшасы

Шнурланған,нөмірленген

Барлығы: 47 бет

Балабақша меңгерушісі Абдрахманова Г.С